

6D050600 «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Байгиреева Жанар Замашқызының «ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі: жай-күйі мен даму перспективасын бағалау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Адами капитал қазіргі экономикалық жүйенің жахандануы мен дамуында негізгі экономикалық ұғымдар мен әлеуметтік-экономикалық тұжырымдамалар мазмұнына терең өзгерістерге әкелді. ХХІ ғасырдағы ғылым мен білімнің кешенді дамуының ең перспективалы бағыттарының бірі- «тиімді адами капитал» бағыты. Осыған байланысты мемлекеттің денсаулық сақтау саласы мен адами капитал арасындағы өзара байланыстың сипаты мен заңдылықтарын анықтау және халықтың денсаулық капиталын арттыруға бағытталған іс-шаралар нәтижелерін бағалау проблемалары туындады, оның басты критерийі сапалы және салауатты өмір сүру ұзақтығын арттыру және денсаулықтың нашарлауына байланысты қоғамда пайда болатын экономикалық шығындарды азайту болып табылады. Халықтың денсаулық жағдайы, адамның денсаулығының сапасы елеулі әлеуметтік-экономикалық шығындарға алып келеді. ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамыту әлеуметтік-экономикалық залалды бағалау негізінде денсаулық сақтауды басқарудың әртүрлі иерархиялық деңгейлерінің жай-күйі мен даму перспективасын бағалау арқылы медициналық-экономикалық тиімділікті арттырудың қажеттілігін тудырады.

2. Диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми қорытындылар:

Диссертациялық зерттеудің міндеттерін іске асыру және оның мақсатына қол жеткізу барысында келесі ғылыми қорытындылар алынды:

1. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары (жахандық адами даму индексы, халықтың денсаулық капиталын бағалаудағы негізгі көрсеткіштері, адами капиталдың экономикалық тиімділігі, адами капиталдың медициналық тиімділігі) айқындалып, ұсынылды;

2. Шет елдік адами капиталды дамыту бойынша озық үлгілерді Қазақстан экономикасына кіріктендіру жолдары карастырылды және шет елдік және отандық ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама берілді;

3. ҚР Денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері талданып, берілген салада адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізілді;

4. Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының сандық деректерін, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің еңбек өтілі, жасы, білім деңгейі

және кәсіби құзыреттілігі/санаты сияқты сапалық сипаттамалары сараптау нәтижесінде денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемесін қолдана отырып, денсаулық сақтау саласында адами капиталды талдау мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштер QALY және Парето әдістерін қолдану арқылы талдау жүргізілді;

5. ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельдерді қолдану негізінде адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жасалды;

6. Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттар бойынша ұсыныстар әзірленді.

3. Ізденуші диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми қорытындының (ғылыми ереженің), нәтижелер мен тұжырымдардың дәлелдігі мен дұрыстылығының дәрежесі.

Зерттеу процесінде алынған және диссертациялық жұмыста жинақталған ғылыми ережелер мен нәтижелер Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, дөңгелек үстелдер мен семинарларда баяндалды. Диссертациялық жұмысты тестілеу оны өткізудің барлық кезеңдерінде жүргізілді. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми қорытындылары мен нәтижелері, ұсыныстары аймақтық және халықаралық ғылыми конференцияларда, жоғарғы оқу орындары арасындағы ғылыми – тәжірибелік семинарларда және конференцияларда өзінің оң бағасын алды. Зерттеу тақырыбы бойынша автормен ұсынылған ұсыныстар халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияларда жарияланып, мақалалары баяндалған.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған ғылыми қорытындының (ғылыми ереженің), нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалық деңгейі.

-1 –қорытынды: Адами капиталдың заманауи тұжырымдары мен экономикалық маңызын зерделей келіп, «адами капитал» түсінігіне авторлық анықтама ұсыну- **айтарлықтай жаңа болып табылады.**

-2 –қорытынды: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту бойынша озық шет елдік үлгілерді қарастыру, салыстыру- **айтарлықтай жаңа болып табылады.**

-3 –қорытынды: Қазақстанның денсаулық сақтау саласында адами капиталдың даму әдістері мен ұйымдаструшылық- экономикалық тетіктерін талдау - **айтарлықтай жаңа болып табылады.**

-4 –қорытынды: Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың негізгі проблемаларын анықтай отырып, Қазақстан Республикасының денсаулық

сақтау саласында адами капиталды дамытудың қолданыстағы жүйесіне бағалау жүргізу- жаңа болып табылады.

-5 – қорытынды: Көрсеткіштердің теңгерімді жүйесіне негізделген денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту шараларының тиімділігін бағалаудың экономикалық-математикалық моделі жасалды - жаңа болып табылады.

-6 – қорытынды: Қазақстанның денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту шараларын ұсыну- жаңа болып табылады.

5. Алынған қорытындылардың ішкі бірлігін бағалау

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары логикалық жағынан өзара байланысты және талдау әдістері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту бойынша автор әзірлеген ұсыныстар мен ұсынымдар өзара теориялық тұжырымдарды білдіреді.

Диссертациялық зерттеу шеңберінде қойылған максаттарға қол жеткізілді, жұмыс тұжырымдамалық негіздің бірлігімен ерекшеленеді, бұл докторантқа қойылған барлық міндеттерді дәйектілікпен шешуге мүмкіндік берді.

6. Диссертацияның негізгі ережелері, қорытындылары мен тұжырымдары жарияланымдарының айтарлықтай толықтығын растау

Диссертация тақырыбы бойынша 12 ғылыми мақала жарияланған., оның ішінде 1 мақала Scopus ақпараттық базасында, 3 мақала Қазақстан Республикасының БҒМ білім мен ғылым саласын реттеу Комитетімен мақұлданған ғылыми басылымдарда және 8 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды.

7. Жұмыстың теориялық, практикалық маңыздылығы келесідей: ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін бағалау және дамыту бойынша теориялық – әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту теориясына қосымша болып табылады. Зерттеу нәтижелерін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту жағдайында пайдалану мүмкіндігі бар. Дербес практикалық қолдану көрсеткіштерінің теңгерімді жүйесіне негізделген шаралардың тиімділігін бағалаудың әдістемелік тәсіліне ие.

8. Диссертацияның «Ғалым дәрежесін беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келуі

Диссертация аяқталған болып табылады, оның барысында Байгиреева Жанар Замашқызы зерттеулер жүргізудің маңыздылығын, дербестігін көрсетті, бұл автордың экономикалық ғылымдар бойынша ғылыми зерттеулерді ары қарай да зерттеуге қабілеттілігінің жоғары екендігін көрсетті. Жоғарыда аталған ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық

жұмыстың мазмұны мен нәтижесі құндылығын түсірмейді және қарастырылып отырған мәселені ары қарай жетілдіре жалғастырудың бағыттары болады деп сенемін.

Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» қойған талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Ж.З. Байгиреева 6D050600 «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекші,
PhD докторы



Аманбаева А.А

PhD докторы А.А. Аманбаеваның қолының түпнұсқалығын растаймын.

Қолын растаймын / Удостоверяю подписи
<i>Аманбаева А.А</i>
КАДР БӨЛІМІ
202 ж.ғ.

Миссиялар
Абсолют

